

Шаруашылық жүргізуші субъектілер-табиғи монополистер өндіретін және сататын өнімдердің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнына қосылатын шығындар құрамын қалыптастырудың АЙРЫҚША ТӘРТІБІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 31 шілде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 220. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің 1998.08.15. N 03-2 ОД бұйрығымен.

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы айрықша ереженің әзірлену мақсаты - өзіндік құнға қосылатын шығындарды реттеу арқылы бәсекелес ортасы жоқ табиғи монополист-кәсіпорындардың өнімдері мен көрсететін қызметінің бағасының өсуін тежеу.

1.2. Осы айрықша тәртіп:

"Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақ КСР-і Заңының "монополист болып табылатын немесе нарықта үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектіні уақтау (бөлу) мүмкін болмайтын немесе орынсыз болатын жағдайларға оған монополияға қарсы ықпал жасаудың басқа шараларын (белгіленген баға төзу, көтеріңкі салық салу және т.б.) қолдануды көздейтін 14 бабына;

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне өзіндік құнның өндіріс көлемінің және инфляция деңгейінің өзгеруіне байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің монополды жоғары пайдасын реттеу туралы шешім қабылдауға рұқсат еткен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің сенімдеріне бағаны реттеу туралы" 1994 жылғы N 1171 P941171_ ;

шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополистер өндіретін және сататын өнімдердің (жұмыстардың, қызметтің) өзіндік құнына қосылатын шығындарды реттеуді көздейтін "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты монополиясыздандыру және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетілгені үшін есеп айырысуды тәртіптеу туралы" 1996 жылғы 13 мамырдағы N 587 P960587_ қаулыларына сәйкес әзірленді.

1.3. Айрықша тәртіп меншік нысандарына қарамастан Қазақстан

Республикасындағы табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне кіргізілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдері мен көрсететін қызметінің бағалары мен тарифтерін қалыптастыру кезінде қолданылады.

1.4. Табиғи монополия саласына құбыр арқылы мұнай және газ тасымалдайтын кәсіпорындар, газ бен мұнай өңдейтін кәсіпорындар, темір өнеркәсібі темір жол көлігі, байланыс, электр энергетикасы, су шаруашылығы жүйесі кәсіпорындары, сондай-ақ коммуналдық саланың: сумен жабдықтау және сұйытылған газбен, жылу және электр энергиясымен, байланыс қызметімен қамтамасыз ету жөніндегі кәсіпорындары жатады.

1.5. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдеріне (қызметіне, жұмысына) бағаны бекіту Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 7 маусымдағы N 4/75 V960219_ қаулысымен бекітілген Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдері мен көрсететін қызметіне бағалар мен тарифтердің жобаларын тапсыру, қарау және бекіту тәртібі туралы Нұсқамалық белгіленген тәртіп пен мерзімге сәйкес жүзеге асырылды.

1.6. Айрықша тәртіп 1996 жылғы 1 қазаннан бастап коммуналдық салаға жататын сумен жабдықтау және канализация, тұтынушыларды табиғи сұйытылған газбен, жылу және электроэнергиясымен, байланыс қызметін көрсетумен қамтамасыз ететін кәсіпорындарды - табиғи монополистерді қоспағанда, оларға Айрықша тәртіп 1996 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылады, шаруашылық жүргізуші субъектілерге - табиғи монополистерге қолданылады.

II. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ - ТАБИҒИ МОНОПОЛИСТЕРДІҢ ӨНІМДЕРІМЕН ҚЫЗМЕТІНЕ БАҒАЛАРМЕН ТАРИФТЕРДІ АНЫҚТАУ КЕЗІНДЕ ӨЗІНДІК ҚҰНҒА ҚОСЫЛАТЫН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҚҰРАМЫ БОЙЫНША ШЕКТЕУЛЕР

2.1. Өнімнің өзіндік құны шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдерімен көрсететін қызметіне баға қалыптастырудың негізі болып табылады, өзіндік құн өнімдерінің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнына қосылатын өнімдер (жұмыс, қызмет) өндірумен сату жөніндегі құрамы туралы және кәсіпорынның қаржылық нәтижелерін қалыптастырудың тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Экономмині, Қаржымині және Мемстаткомы 1992 жылғы 30 шілдеде бекіткен N 01-3/5704-6, 11-2/2139, 01-3-20/46 (1994 жылғы 27 шілдедегі өзгертулермен және толықтырулармен) Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы комитетімен, Қаржыминімен,

Экономминімен және Мемстаткомымен келісілген шығындар құрамы туралы салалық ережелерге сәйкес анықталады.

2.2. Табиғи монополия саласына жататын кәсіпорындар үшін бағалармен тарифтерді қалыптастыру кезінде өзіндік құнға қосылатын шығындардың жекелеген баптар бойынша реттеу төмендегідей тәртібі енгізіледі.

2.3. Материалдық шығындар құзыретті органда <*> бекітілген немесе сараптамалық бағалаудан өткен, бір өлшем өнім (қызмет) шығаруға жұмсалатын шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның қолданылып жүрген нормаларымен осы ресурстар сатып алынған іс жүзіндегі бағаның (көлік дайындау шығындарын қоса есептегенде) негізінде анықталады, бірақ ол нарықтық бағадан артық болмауы тиіс.

Баға қалыптастыру кезінде монополияға қарсы органдар бекітілген нормалардың болуын және олардың қолданылуының дұрыстығын тексеруі тиіс.

Нормалар болмаған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополистер олардың бір айлық мерзімде әзірленуін және құзыретті органның бекітуін (келісуін) қамтамасыз етуге міндетті.

<*> Ескерту. Құзыретті орган-бұл тиісті салалық министрліктер, мемлекеттік комитеттер ведомстволар.

2.4. Өнімдердің (қызметтің) өзіндік құнына қосылатын еңбекақы төлеуге арналған шығындар осының алдындағы жылдың өткен тоқсанына немесе тиісті кезеңде арналған іс жүзінде еңбекақы төлеу қорының негізінде есептеліп, Мемстаткомы органдары 0,8 коэффициентімен жарияланған, осы кезең ішіндегі іс жүзіндегі инфляция индексіне түзетіледі. Бұл орайда, еңбекақы төлеу қорын есептегенде іс жүзіндегі сан мөлшері қабылданады, бірақ ол Республиканың Еңбек министрлігімен келісілген нормативтен артық болынуы тиіс.

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" U952335_ Президенттің Заң күші бар Жарлығына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар үшін кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының (тұтыну қорының) мөлшері, сондай-ақ кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының бас (аға) бухгалтердің лауазымдық окладтарының мөлшері, оларға ақшалай сыйлық және басқа сыйақы берудің жүйесін уәкілдік берілген орган белгілейді.

Басқару аппараты қызметкерлерін лауазымдық окладтарының мөлшері "Қазақстан Республикасының экономика салаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы 31 P960031_ қаулысымен бекітілген Бірыңғай тариф кестесімен анықталады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополистер Бірыңғай тариф кестесіне қолданатын коэффициенттердің мөлшерін монополияға қарсы органдар мен еңбек жөніндегі органдар қарайды.

2.5. Басқа шығындар. Баға қалыптастыру кезінде: өкілдіктерге арналған

шығындар, шетелдіктерді қоса алғанда, басқа кәсіпорындардың өкілдеріне ресми қабылдау жасау жөніндегі шығындар, штатта тұрмайтын аудармашылардың қызметіне ақы төлеу, мәдени ойын-сауық шараларына, сондай-ақ іскерлік келіссөздер кезінде дәмханада және басқаша қызмет көрсету;

еңбек ұжымдарына қызмет көрсететін асханаларды ұстау жөніндегі шығындар (амортизациялық төлемдерді, үй-жайды жөндеудің барлық түрлеріне жұмсалатын қаражатты жарыққа, жылу беруге, сумен, электрмен қамтамасыз етуге, сондай-ақ тамақ әзірлейтін отынға арналған шығындарды қоса алғанда);

консультациялық, ақпараттық және аудиторлық қызметке ақы төлеу;

көрмелер мен байқаулар, конкурстар және табыс пен радиоанализаторлық жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыруға арналған шығындар;

қызметкерлердің өндіріс процестеріне қатысуына тікелей байланысты емес денсаулық сақтау мен демалысты ұйымдастыру жөніндегі шығындар;

делдалдық және дилерлік орындарды талдау жөніндегі шығындар;

қымбат тұратын байланыс құралдарын (ұялы телефондар және т.б.) ұстау жөніндегі шығындар;

күнделікті, ғылыми-техникалық әдебиетке жазылу жөніндегі шығындар;

жәрмеңкелерге, көрмелерге және басқаларына қатысуды қоса алғанда жарнамаға арналған шығындар шығыс құрамында ескерілмейді.

2.6. Резервтік қорларды (жөндеу қоры, кепілдік резерві, демалыстарды және басқалардың төлеуге арналған резервтер) құруға арналатын төлемдер Монополияға қарсы комитетпен келісім бойынша баға қалыптастыру кезінде өзіндік құнға қосылады.

III. Бағаға қосылатын пайданы анықтау кезінде қойылатын шектеулер

3.1. Пайданың деңгейін анықтау кезінде заңда көзделген салықтар мен төлемдерді төлеу үшін және саланы (шаруашылық жүргізуші субъектіні) дамыту үшін қажетті қаражат ескеріледі.

3.2. Бұл орайда шаруашылық жүргізуші субъект қажетті пайданы негіздеу үшін іс-шаралардың жоспарын және жаңа объектілердің құрылысын, жұмыс істеп тұрған өндірісті кеңейтуді, техникалық қайта жарақтандыруды, қайта құруды, өндіріс үшін жабдықтар мен басқа да құралдар сатып алуды қаржыландыруға арналған шығыс сметасын ұсынады.

3.3. Мемлекеттік кәсіпорындар үшін пайданы бөлудің нормативтерін уәкілдік берілген орган бекітеді.

3.4. Баға қалыптастыру кезінде:

кәсіпорынның балансындағы немесе үлестік қатысу негізінде пайдаланатын,

кәсіпорынның қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің арасында мәдени ағарту және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жүргізуге арналған үйлер мен құрылыстарды (мәдениет үйлері, кітапханалар, демалыс үйлері, спорт кешендері, санаторийлер, шипаханалар, емханалар, ауруханалар және т.б.) ұстау жөніндегі шығындар;

мәдени-ағарту, сауықтандыру және спорттық шараларды (демалыс кештерін, ойын-сауық, концерттер, лекциялар, пікірталастар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, жарыстар, және т.б.) ұйымдастыруға арналған шығындар;

мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін (бала бақшалар бөбекханалар) пионер лагерін, еңбек және демалыс лагерлерін ұстау жөніндегі шығындар;

оқу орындарын, кәсіпорынның балансындағы кәсіптік-техникалық училищелерді ұстауға арналған шығындар;

кәсіпорынның балансындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының зияндарын өтеу жөніндегі шығындар;

тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін кәсіпорынның қызметкерлеріне берілген несиелерді (процентсіз несиелерді қоса алғанда) өтеуге, бау-бақшаларда шағын үйлер және үй шаруашылығы үшін керек-жарақты сатып алуға арналған шығындар;

бау-бақша серіктестіктерін көркейту (жолдар салу, энергиямен, сумен жабдықтау, ортақ сипаттағы басқа шығындар;

кәсіпорынның қаражаты есебінен қызметкерлер мен олардың балаларына емдеу, демалу, экскурсия, жолдамаларын төлеу;

қызметкерлерге тегін немесе арзан бағамен тамақ ұйымдастыру;

өз қызметкерлеріне медициналық жәрдем көрсету жөнінде денсаулық сақтау органдармен жасасылған шарттар бойынша емханалардың қызметі үшін ақы төлеу жөніндегі шығындар;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындар өз қызметкерлерінің пайдасына жасасқан жеке және мүлдік сақтандыру бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар;

ластаушы заттарды тазарту (шығару) үшін төлемдер;

демеушілік жәрдемнің барлық түрлерін көрсету;

басқа жеңілдіктер (сауықтыру топтарының, секциялардағы, клубтардағы оқулардың абоненттерін төлеу, газеттер мен журналдарға жазылу, протез сату және т.б.) пайдаға есептелінбейді.

3.5. Шаруашылық жүргізуші субъектінің пайданы төмендегідей мақсаттарға; нәтижесінде табиғи монополия субъектісі өндіріс мақсатына арналған негізгі қорларға, реттеу тәртібі қолданылатын тауарлар өндіруге (сатуға) меншік құқығын алатын мәмілелерге;

табиғи монополия субъектісінің қаражатын реттеу тәртібі қолданылмайтын тауарлар өндіруге (сатуға) жұмсауға (соның ішінде күрделі құрылыс жүргізу, шаруашылық серіктестіктерін құру, басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлескен қызмет туралы шарттар жасасу жолымен) жол берілмейді.

ІҮ. Айрықша тәртіпті бұзғаны үшін

4.1. Белгіленген Айрықша тәртіпті бұзуға жол берген табиғи монополистерге Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік баға тәртібінің бұзылғаны үшін санкциялар қолданудың тәртібі туралы Ережеге сәйкес экономикалық санкциялар қолданылды.

4.2. Кәсіпорынның:

өнімдердің (тауарлардың, қызметтің) реттелетін (белгіленетін) бағасын көтеру;

шикізат пен материалдардың негізсіз көтерілген құнын, көтеріңкі жалақыны және басқа да шығыс баптарын калькуляцияға қосу жолымен өзіндік құнды қалыптастырудың тәртібін бұзу арқылы заңсыз табыс алуы экономикалық санкциялар қолдану үшін негіз болып табылады.

4.3. Заңсыз алынған табыс саласы бір мезгілде соншалықты мөлшерде айыппұл төленіп, ал санкциялар қолданылған соң бір жыл ішінде тәртіп қайталап бұзылған жағдайда - үш есе мөлшерде айыппұл төленіп бюджетке алынуға жатады.

4.4. Баға белгілеу тәртібінің, сондай-ақ табиғи монополист кәсіпорындардың нарықтағы мінез-құлық ережелерінің бұзылуына тікелей кінәлі басшылармен өзге де лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендей әкімшілік тұрғыдан жауап береді.